

Электрлік тіс щеткасы
Xiaomi Mi Electric Toothbrush
T500
Пайдаланушы нұсқаулығы



Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар

Тіс щеткасын алғаш қолданған кезде қышу немесе аздап қанағыштық байқалуы мүмкін. Бұл қызыл иек электрлік тіс щеткасымен тиімді тазартуға бейімделгенге дейін қалыпты жағдай. Қызыл иектеріңіз оған бейімделмейінше, теңшелетін режимді пайдалану ұсынылады. Әдетте қызыл иектің қанағыштығы бір-екі апта ішінде тоқтайды. Егер қанағыштық басылмаса, тіс щеткасын қолдануды тоқтатып, тіс дәрігеріне жүгініңіз.

⚠ Ескерту

- Ортодонтиялық емдеуден өтіп жүрген, имплантанттары бар немесе тістерін қалпына келтіру жүргізілген пайдаланушылар осы тіс щеткасын қолданар алдында өзінің тіс дәрігерінен немесе ортодонттан кеңес алуы керек.
- Бұл тіс щеткасы электромагниттік құрылғылардың қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді. Құрылғыны кардиостимуляторлармен немесе басқа имплантацияланған құрылғылармен бірге қолдануға қатысты кез-келген мәселе бойынша қолданар алдында дәрігермен немесе имплантацияланған құрылғыны өндірушімен кеңесіңіз.
- Бұл тіс щеткасы тек тістерді, қызыл иекті және тілді тазартуға арналған. Оны басқа мақсаттар үшін пайдаланбаңыз. Егер сіз қандай да бір ыңғайсыздық немесе ауырсыну сезінсеңіз, тіс щеткасын қолдануды тоқтатып, өзіңіздің тіс дәрігеріңізбен кеңесіңіз.
- Зарядтау станциясын суға немесе кез-келген басқа сұйықтыққа салмаңыз.
- Ашада сұйықтық болған кезде зарядтау станциясын розеткаға салмаңыз.
- Бұл тіс щеткасының ішінде орнатылған аккумулятор бар және оған ешбір жағдайда оттың әсерін тигізбеу керек, жоғары температура жағдайында зарядтауға, пайдалануға немесе сақтауға болмайды.
- Тіс щеткасын соқпаңыз және құлатпаңыз. Егер соғылу немесе құлау салдарынан зақымдалған болса, оны қолдануды тоқтатыңыз.
- Тіс щеткасын өзіңіз өзгертуге, бөлшектеуге немесе жөндеуге тырыспаңыз.

⚠ Қауіпсіздік шаралары

- Қолданар алдында тіс щеткасын айқын зақымданулардың болмауына тексеріңіз. Егер ол қатты зақымдалған болса, оны пайдаланбаңыз.
- Қуат көзін қоспас бұрын, жергілікті қуат көзінің кернеуі номиналды кіріс кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Сыртта зарядтау станциясын тікелей күн сәулесінің астында пайдаланбаңыз.
- Ванна мен душта шомылу кезінде тіс щеткасын пайдаланбаңыз.
- Тіс щеткасының басын басқа адамдармен бірге қолдануға жол бермеңіз.
- Қуат сымын розеткаға қосылып тұрған кезде зарядтау станциясының

- айналасына орамаңыз.
- Зарядтау станциясы розеткаға қосылып тұрған кезде оның үстіне металл заттарды қоймаңыз.


Ескертпе. Бұйымның, аксессуарлардың және пайдаланушылық интерфейстің пайдалану нұсқаулығындағы иллюстрациялар тек қана таныстыру мақсатында келтірілген. Аспаптың және оның функцияларының нақты сипаттамалары өнімді жақсартуларға байланысты ерекшеленуі мүмкін.

Құрылғының мақсаты

Электрлік тіс щеткасы тістерді тазартуға арналған.

Құрылғыға шолу


Құрылғыны қолданудың алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны анықтама ретінде болашаққа сақтап қойыңыз.




- | | |
|-----------------------------|---|
| ① Корпустың қорғаныс жабыны | ⑤ Батарея деңгейінің индикаторы/Bluetooth |
| ② Тіс щеткасының сабы | ⑥ Щетканың басының қапағы |
| ③ Қосу/сөнд. батырмасы | ⑦ Щетканың басы |
| ④ Режимдердің индикаторы | ⑧ Зарядтаушы док-станция |
| ● Стандартты режим | ⑨ Түрлі-түсті сақина (ажырату оңай) |
| • Жұмсақ режим | |
| ▼ Теңшелінетін режим | |

Нұсқаулық


1. Щетканың басы тіс щеткасының сабының алдыңғы жағы бағытында орнатылғанына көз жеткізіңіз, сонымен қатар щетканың басы мен сабының арасында кішкене алшақтық бар екеніне көз жеткізіңіз. Қозғалтқыштың жоғары қуаты үшін жоғары жиілікті тербелістер кезінде щетканың басының сабымен соқтығысуын болдырмау үшін қажет.



2. Тіс щеткасының басын сулаңыз және тіс щеткасының басына тіс пастасының қажетті мөлшерін сығып алыңыз.



3. Қосу/өшіру/режимдерді ауыстыру



Қосу: тіс щеткасын қосу үшін батырмасын басыңыз.

Режимдерді ауыстыру: тіс щеткасын қосқан соң 10 секундтан кейін батырманы басыңыз.

Кідірту : щетканы тоқтату үшін батырманы 1 секунд басып тұрыңыз. 30 секундтық үзілістен кейін тіс щеткасы автоматты түрде өшеді.



Өшіру: тіс щеткасы өшкеннен кейін 10 секунд ішінде пайдаланушы режимінде өшіру үшін батырманы бір рет басыңыз.

Егер сіздің тіс щеткаңыз 10 секундтан артық жұмыс істеп тұрса, оны өшіру үшін жай ғана батырманы басыңыз.

Ескерту. Зауыттық теңшелімдерді қалпына келтіру үшін батырманы 12 секунд бойы басып тұрыңыз. Зауыттық теңшелімдерді қалпына келтірмес бұрын деректердің жоғалуын болдырмау үшін өз деректеріңізді қосымшамен синхрондаңыз.

4. Дұрыс тазалау

- Щетканың басын қызыл иектің бағытына 45° бұрышта ұстаңыз және оны тістер мен қызыл иектің бойымен баяу жылжытыңыз.
- Тазалау кезінде әр 30 секунд сайын тіс щеткасы біраз уақытқа дірілдеуді тоқтатады, бұл пайдаланушыға щетканың орнын өзгерту керектігін еске салады.
- Егер пайдалану кезінде белсенді үзіліс болмаса, тазалау режимі аяқталғаннан кейін тіс щеткасы автоматты түрде өшеді (тазалау режимін қосымшада орнатуға болады).



- Тіс щеткасы нақты уақыттағы қысымды анықтайтын артық қысымнан қорғау жүйесімен жабдықталған. Тіс тазалау кезінде тым жоғары қысым болған кезде батарея заряды деңгейінің индикаторы қызыл түспен тез жыпылықтай бастайды, ал тіс щеткасы діріл деңгейін автоматты түрде төмендетеді.

Үш тазалау режимі бар:

- стандартты режим: күнделікті ауыз қуысының гигиенасына арналған;
- жұмсақ режим: сезімтал тістерге арналған;
- теңшелінетін режим: жаңадан бастаушыларға арналған әдепкі бойынша орнатылған 2 минуттық режим. Оның теңшелімдері мен тазалау ұзақтығын Mi Home/Xiaomi Home* көмегімен реттеуге болады.

* Еуропада (Ресейден басқа) қосымша Xiaomi Home деп аталады.

Құрылғыңызда көрсетілетін қосымша атауы стандартты ретінде қабылдануы керек.

5. Щетканың басын тазарту

- Тістеріңізді тазалағаннан кейін тіс щеткасының басын кранның астында шайыңыз.
- Щетканың басын шайып болғаннан кейін, тазалық сақтау үшін және гигиена үшін оған қорғаныс қақпағын кигізіңіз.




- Стоматологтар щетканың басын әр үш ай сайын ауыстыруды ұсынады.

6. Бұл тіс щеткасы 3 түрлі түсті сақинамен (сұр, көк, жасыл) келеді, оларды қалауыңыз бойынша ауыстыруға болады



Түрлі-түсті сақинаны дұрыс орналастыру туралы иллюстрация

- Тіс щеткасын аударыңыз, оны бір қолыңызбен ұстап тұрып, екінші қолыңыздың тырнағымен түрлі-түсті сақинаны алыңыз.
- Түрлі түсті сақинаның үшбұрышты пішінін (сақинаның ішкі жағындағы штифтер төмен қарай бағыттталып тұрғанда) тіс щеткасының сабының үшбұрышты түбімен туралаңыз және басыңыз.




Иллюстрацияны қар.



Ақылды функциялар

1. Тіс щеткасы нақты уақыттағы қысымды анықтайтын артық қысымнан қорғау жүйесімен жабдықталған. Тіс тазалау кезінде тым жоғары қысым болған кезде батарея заряды деңгейінің индикаторы қызыл түспен тез жыпылықтай бастайды, ал тіс щеткасы діріл деңгейін автоматты түрде төмендетеді.



Тіс тазалау кезінде: батарея заряды деңгейінің индикаторы тым жоғары қысым болғанда қызыл түспен тез жыпылықтайды.

2. Mi Home/Xiaomi Home көмегімен сіз тазалау ұзақтығын, режимін және шашыраудан қорғанысты орната аласыз. Тазалау аяқталғаннан кейін сіз деректерді қарап, есеп жасай аласыз.
3. Mi Home/Xiaomi Home қосымшасына қосылыңыз.
 - Өнім Mi Home/Xiaomi Home*-мен жұмыс істейді. Құрылғыңызды осы қосымшада басқарыңыз.
 - Қосымшаны жүктеу және орнату үшін QR-кодты сканерлеңіз. Егер қосымша орнатылған болса, сіз қосылым теңшелімдері бетіне қайта

бағытталасыз. Немесе қосымшаны жүктеу және орнату үшін App Store — дан Mi Home/Xiaomi Home іздеңіз.

- Mi Home/Xiaomi Home қосымшасын ашып, жоғарғы оң жақтағы «+» басып, құрылғыны қосу бойынша нұсқауларды орындаңыз.
* Еуропада (Ресейден басқа) қосымша Xiaomi Home деп аталады .
Құрылғыңызда көрсетілген қосымша атауы әдепкі бойынша қабылдануы керек.



- **Ескертпе.** Қосымшаның версиясы жаңартылуы мүмкін. Қолданбаның ағымдағы нұсқасына арналған нұсқауларды орындаңыз.

Қоршаған ортаны қорғау

Тіс щеткасының қызмет ету мерзімі аяқталған кезде, іштетілген батареяны елдің немесе аймақтың жергілікті заңдары мен ережелеріне сәйкес алып тастау, кәдеге жарату және қайта өңдеу қажет болады.


Техникалық сипаттамалары

Атауы: Mi T500 ақылды электрлік тіс щеткасы	
Атаулы кернеу: 3,7 В ==	Үлгісі: MES601
Атаулы кіріс кернеуі : 5 В == 0,5 А	Зарядтау уақыты: 12
Аккумулятор сыйымдылығы: 100 мА/сағ	Атаулы қуаттылығы: 2 Вт
Жиілік диапазоңдары: 2402–2480 МГц	Қорғаныс класы: IPX7
Ең жоғары шығу қуаты: 0 дБм	
Щеткаңың басының өлшемдері: 24,6 x 24,6 x 85,0 мм	
Щеткаңың сабының өлшемдері: 28,1 x 28,3 x 187,5 мм	

Зарядтау

Тіс щеткасының жағдайы	Батарея заряды деңгейінің индикаторының күйі	Батарея зарядының деңгейі
	Көк-жасыл	100–60 %
	Қызғылт сары	60–20 %
Пайдалану	Қызыл	20–10 %
	Қызыл жыпылықтайды (тіс щеткасы қосылмайды)	< 10 %
	Көк-жасыл	100 %
Зарядтау	Көк-жасыл түспен баяу жыпылықтайды	100–60 %
	Қызғылт сары түспен баяу жыпылықтайды	60–20 %
	Қызыл түспен баяу жыпылықтайды	< 20 %

- Зарядтау станциясы Т500 тіс щеткасына арналған және басқа бұйымдармен үйлесімді емес.
- Заряд төмен болғанда индикатор тез қызыл болып жыпылықтайды, ал тіс щеткасын қосу мүмкін болмайды. Тіс щеткасын толығымен зарядтау үшін 10-нан 16 сағатқа дейін уақыт кетеді.
- Тіс щеткасын зарядтау кезінде қосымшаға қосылған кезде батарея заряды деңгейінің индикаторы көк түспен үш рет жыпылықтайды. Сәтті қосылғаннан кейін тіс щеткасының индикаторы көк түспен жанады. Деректерді синхрондау аяқталғаннан кейін ол автоматты түрде бағдарламадан ажыратылады, ал тіс щеткасының индикаторы батарея зарядының ағымдағы деңгейін көрсете бастайды. Егер тіс щеткасы қосымшаға қосыла алмаса, индикатор өзгеріссіз қалады, яғни батарея зарядының ағымдағы деңгейін көрсетеді.



Ақауларды жою

Ақау	Ықтимал себептер	Шешімдері
Батырманы басқанда тіс щеткасы қосылмайды	Зарядтау	Тіс щеткасын зарядтау станциясынан ажыратыңыз
	Bluetooth қосылған	Смартфоныңызда Bluetooth-ды өшіріңіз
	Аккумулятор заряды тым төмен	Зарядтау үшін тіс щеткасын зарядтау станциясына салыңыз
Басын щетка корпусына орнату мүмкін емес	Щетканың басында тұрып қалған зат	Құралдың көмегімен щетканың басынан бөгде затты алып тастаңыз
	Корпуста тұрып қалған зат	Корпусты тазалаңыз
	Түпнұсқа емес щетканың басын қолдану	Щетканың басын түпнұсқаға ауыстырыңыз
Шамадан тыс қуат тұтыну және жиі зарядтау қажеттілігі	Bluetooth арқылы смартфонмен ұзақ түйіндесу	Тіс щеткасы қолданылмаған кезде Bluetooth-ды өшіріңіз
	Жиі қолдану	Зарядтау үшін тіс щеткасын зарядтау станциясына салыңыз
Щетканың басының дірілінің жеткіліксіздігі	Щетканың басын дұрыс орнатпау	Щетканың басын қайта орнатыңыз
	Щетканың басы мен сабының арасына тұрып қалған зат	Щетканың басын шешіп, бөгде затты алып тастаңыз
Қосымшағы қосылу мүмкін емес	Смартфоныңызда Bluetooth қосылмаған	Смартфоныңызда Bluetooth-ды қосыңыз және Mi Home/Xiaomi Home көмегімен басқарыңыз
	Тіс щеткасы смартфоннан тым алыс орналасқан	Смартфонды тіс щеткасының жанына қойыңыз
	Тіс щеткасының дірілдеуі	Тіс щеткасын өшіріп, қайта қосылуға тырысыңыз

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларында ауа температурасы 5 °С бастап 40 °С дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Орынжайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны іске асыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату үшін тапсырылуы керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну керек немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.



Қосымша ақпарат

Өндіруші: «Сукас (Шэньчжэнь) Тэкнолоджи Ко., Лтд», 1101, 1102, 1103, 1104, 401 и 402 каб., 2 ғим., Чунвэнь аймағы, Наньшань айПарк, Люсянь № 3370 даңғылы, Наньшань ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан. Қытайда жасалған.

TM: MI

Тауар КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрлі магнитті үйлесімділігі» Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар ЕЭО КР 037/2016 «Электр техника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» Еуразиялық экономикалық одағының кедендік регламенті талаптарына сәйкес келеді.

Дайындау күні, сондай-ақ кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.



v.2